



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»**

студенттер мен жас ғалымдардың  
XII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»**

**PROCEEDINGS**

of the XII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»**



14<sup>th</sup> April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»  
студенттер мен жас ғалымдардың  
XII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS  
of the XII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2017»**

**2017 жыл 14 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2017

**ДЕНСАУЛЫҚ ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ САЛАЛЫҚ БАСЫЛЫМДАР****Кәріпжанова Әсем Талғатқызы**[Pretty\\_girl-asema@mail.ru](mailto:Pretty_girl-asema@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Журналистика және саясаттану факультетінің 1 курс магистранты  
Ғылыми жетекші – Р.Ш.Нуриден

Елімізде БАҚ-ты кең тұрғыда тақырыптық саралау орын алып отыр. Бүгінде жалпыұлттық басылымдармен қатар аудиторияның сұранысына ие салалық-тақырыптық бағыттағы (денсаулық, іскерлік, мәдени, ғылыми, білім беру, спорттық, т.б.) газет-журналдар кеңінен дамуда. Бүгінгі оқырман бұқаралық ақпарат құралдарын өзі басқарады. Сұранысына қарай ұсыныс демекші, осылайша ақпараттың енжар тұтынушысынан белсенді іске араласушыға айналды. Денсаулыққа қатысты салалық басылымдардың өзге басылымдарға қарағанда таралымы анағұрлым аз болады. Олардың оқырмандары тұрақты болып келеді. Сондықтан да салалық басылымдар аудиториясының жас ерекшелігі, жынысы, білімі, кәсібі, діни ұстанымы т.б. әлеуметтік-демографиялық ерекшеліктері де ескеріледі.

Бүгінгі таңда, елімізде мазмұны мен безені сапалы денсаулық саласына арналған басылымдар баршылық. Әсіресе, басылым жайлы әңгіме қозғасақ кемшіліктерге көп ұшырасамыз. Біреуінің мазмұны мен безені үйлеспей жатса, екіншісінің ақпараты жалған. Бұл дегеніміз – бізде денсаулық саласын терең жаза білетін мықты журналистер аз дегенді білдірсе керек-ті. Денсаулық саласы туралы жазатын, осы саланың бүге-шүгесін терең сараптайтын басылымдар «Денсаулық», «Отбасы және Денсаулық» басылымдарының қазіргі қазақ баспасөзінде алар өзіндік орны бар.

«Денсаулық» - қазақ тілінде ай сайын шығатын республикалық ғылыми-көпшілік журнал. Бірінші саны 1990 жылдың қаңтар айында Қазақстан Денсаулық сақтау министрлігі мен Республикалық кәсіподақтар кеңесінің басылымы ретінде жарық көрді. 1999 жылы «Денсаулық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне айналды. Журнал қазіргі заманғы медицина мәселелеріне, әсіресе аса көп тараған аурулар мен қауіпті індеттерге баса назар аударып, олардың алдын алу, емдеу шараларын дер кезінде көтеріп келеді. Қоршаған ортаны қорғау мен сауықтыру, судың, ауаның, топырақтың ластануы, биосферада экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуы, Қазақстанның әскери сынақ алаңдарына айналған аймақтарындағы (Семей, Батыс Қазақстан, Қызылорда) радиация кесепаты - журналдың негізгі тақырыбына айналды. «Денсаулық» елімізде медицина мекемелерінің жұмысын, дәрігерлердің кәсіби мамандығын жетілдіру, емдеу сапасын жақсарту мәселелерімен қатар еңбек етудің, тамақтанудың, демалыстың ыңғайлы режимі, оңтайлы психологиялық ахуал жасау, дене шынықтырудың бұқаралық түрлерін дамыту шараларына ұдайы көңіл бөледі. Медицина тарихына, дәрігерлердің еңбек жолына арналған, дәрі-дәрмектерді қолдану туралы материалдар арнаулы айдарлармен беріліп тұрады. Журналдың көлемі 4 баспа табақ, таралымы 9000 дана.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен ҚР Президенті жанындағы Отбасы және әйелдер істері жөніндегі Ұлттық комиссиясының мақұлдауымен жарық көрген «Отбасы және денсаулық» журналы 2002 жылдан шыға бастады. Ай сайын шығатын республикалық ғылыми-көпшілік журнал. Редакциялық кеңес: ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің бірінші вице-министрі, м.ғ.д., профессор Айқан Ақанов, м.ғ.д., академик Мұхтар Әлиев, психология ғылымының докторы, академик, журналдың тәлім-тәрбие саласы бойынша кеңесшісі Жәмила Намазбаева және т.б. белгілі медицина қызметкерлері. Бас редакторы – Сырымбет Кәрімұлы. Журнал «Тағылым», «Қазақстан-2030», «Тәрбие», «Демалыс», «Тәресте күтімі», «Дәрігерлік тәжірибе», «Күндізгі аурухана», «Сұлулық салоны», «Ата дәстүр», «Дәрісхана», «Жад», т.б. айдарлардан тұрады.

«Отбасы және Денсаулық» - отбасылық басылымы адамның сау-саламат, мағыналы

ғұмыр кешуі отбасындағы жай-күйге, тұрмысқа тәуелді екені ақақат. Ауру-сырқау атаулы көбінесе тіршілікті дұрыс ұйымдастыра алмаудан, өзі-өзіне күтім жасамаудан екені баршаға мәлім. Еліміздің денсаулық сақтау, дене шынықтыру, бой-бас күтімі, отбасы және әйелдер істері, тәлім-тәрбие саласындағы жетекшілердің тікелей қатысуларымен – 2002 жылдан бері жарық көре бастаған «Отбасы және Денсаулық» ғылыми-көпшілік журналының діттеген мақсаты – осы олқылықтың орнын толтыру.

Аурудан сақтанып, емделіп, жазылу жөнінен кеңес беруде журнал – 2014 жылда да негізгі кешенді бағытын ұстанады. Әр ағзаға тән сырқат түрлерінің пайда болу себептерінен бастап белгілеріне, анықталу, емделу тәсілдеріне дейін қамтып көрсетуге тырысады. Осы ретте ғылыми медицина мен халық емшілігінің шөппен, сумен, балшықпен емдеу тәсілдері туралы нақты түрде баяндап келеді. Журнал медицина оқу орындары қазақ бөлімінің студенттеріне көмекшілік қызмет атқарады.

Аурудың алдын-алуда да, емделіп-жазылуда да дұрыс тамақтана білудің жөні бөлек. Осыны ескере отырып «Салауаттылық сабақтары» айдарымен ем-домдық және әдеттегі ас-судың пайдасы мен зияны тұрғысында келелі сөз қозғап жүр. Осы ретте журнал редакциясы Қазақ Тағамтану Академиясымен бірлесіп арнайы іс-шаралар туралы жазуды үнемі жоспарлап отырады.

«Денсаулық-зор байлық» дейді халық. Денсаулық біздің қоғамда әр адамның жеке қазынасы, өз меншігі ғана емес. Сонымен бірге ол мемлекеттің қол жеткен табысы, ел байлығы болып есептеледі. «Ердің саулығы – елдің байлығы» деп халқымыз тауып айтқан. Біздің кемелденген отанымызда халық денсаулығы мемлекет қамқорлығына алынған.

Белгілі орыс жазушысы М.А.Шолохов: «Әулеттілер, ептілер, батылдар неғұрлым көп болғай! Қалай десеңіздер де, мен өзіміздің еліміздің сұлулығына сұлулық, қуатына қуат қосатын миллиондардың дені сау, күш-қуатты, сымбатты болуын қолдаймын»- деп жазды.

Уәлихан Жұмашев «Денсаулық» журналының 2009 жылғы №7 санында «Еліміздегі бала онкологиялық аурулары» атты мақаласында: «Денсаулығын сақтауға, оны нығайтуға күнделікті көңіл бөлу, шынығу әрбір саналы азаматтың парызы. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде»,-деп деп халық айтқандай, денсаулыққа ерекше мән беріп, сәулетті өмірімізді мұңға, көңілсіздікке, қайғыға, бақытсыздыққа айналдыратын ауру-сырқаудан сақтануға болады» [1,3-б],- деген пікірі орынды.

Нина Каюпова, медицина ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткері: «Адамдар «денсаулығымнан аяймын ба?»,- деп дәрігерлерді пара алуға өздері итермелейді»[2,25-б], -деген еді бір сұхбатында.

Бұл басылымдарда денсаулыққа пайдалы ақыл-кеңестер үнемі еліміздегі бұқаралық ақпарат құралдарында тұрақты жарияланып отырады. Мәселен, «Денсаулық» журналының 2009 жылдың №7 нөмірінде «Дәрісіз дауа» айдарында «Кацудзо Нишидің денсаулық жүйесі» жарияланған. Онда «Жылу мен салқын сезу жаттығуы», «Шыр айналдыру жаттығуы», «Қуат күшін арнасына қаарй бағытта жіберу», «Сау қуат күшінің жинағы», «Асқазанды сауықтыру», «Ішектерді сауықтыру», «Бауырды сауықтыру», «Сауықтыру сезімі», «Қиратушы сезімнен айықтыру»[3] тақырыптарында түрлі жаттығулар аударып басылған. Аударған қарт дәрігер Жарқынбай Уатқан. Автор аударма мақаланы былай деп қорытады: «Енді сіз асығып-үсігіп жанталаспай-ақ тыныш өмір сүруге дереу шешім қабылдаңыз. Адам адамға қажет қайырымдылықпен көмектесе, оған Алла риза. Алланы риза еткеннен артық не істейсің?

Қазірден бастап өзің де, басқаға да қайырымдылық көрсетуге тек жақсылық жасауға шешім қабылда. Тек қазірден бастап адал еңбегіңмен өз наныңды тауып жеуге шешім қабылда. Арамдықпен ақша табудан дереу аулақ бол. Қазірден бастап өмірге алғыс айт, барды базар, қолдағыны қанағат тұт!»[3,6-б].

Біздің заманымыздан бұрынғы 460-337 жылдары өмір сүрген Гиппократтың «Аталы сөзі» «Денсаулық» журналының әр санында тұрақты жарияланады. 2011 жылғы №9 нөмірінде Гиппократтың «Аталы сөздерінің» жетінші бөлімде мынадай қанатты сөздер айтылған: өршіп бара жатқан ауру кезінде қол-аяқтың суынуы жамандық белгісі; ауру

сүйектегі еттің көгергені жамандық белгісі; құсық қысқанда тиген ықылық пен көздің қызарғаны жамандық белгісі; терлегенде қалтыраған жақсы емес; сұйық тамақты көп ішкеннен кейінгі қалтырақ пен сандырақ жаман; Бұл айтылған ақыл кеңестер дәрігерлерге қажетті кеңестер[4,10-б].

«Денсаулық» журналының 2012 жылғы №2 нөмірінде ежелгі Рим ойшылы (1 ғасыр) Сенеканың «Луцилийге өнегелі хаттар» жарияланған. Хат жолдарында мынадай пікірлер берілген: «Бір жерде байыз таппай тыпырши беру – жүйке ауруының белгісі. Меніңше, рухани дәйектіліктің дәлелі – тұрақты мекенде жасау қабілеті және өзіңмен өзің болып қалу. Жаныңа азық болсын десең және онда бірдеңе қалсын десең, ұлы ойшылдардың анаусына не мынауына ден қоюдың қажеті жоқ. Барлығын қамтымын деген адам бәрінен құр алақан қалады»[5,11-б]. Бұл екі адамның арасындағы хаттар арқылы айтылған әңгімелер де астарына үңіле қарап ойланған адамға қажетті кеңестер ұсынады.

«Өркениетті елдерде, мәселен, бір медицина саласы бойынша жүзден аса заң бар. Ал бізде бар-жоғы онға жетер-жетпес заң қабылданған. Заңның жеткіліксіздігі проблема үстіне проблема жамап жатыр. Бар заңның өзі соңғы жылдары қабылданған. Бұл негізде «Денсаулық сақтау жүйесі туралы», «Тұрғындардың санитарлық-эпидемиологиялық жағдайын жақсарту туралы», «Дәрі-дәрмектер туралы» сияқты заңдарды атап өтсек болады. Бізге дәл бүгін транспонтология туралы заң аса қажет. Себебі, еліміздің медицина саласында орган ауыстыру жиі орын алып жатқан тәжірибенің біріне айналды» [2,24-б]. Донорлыққа қатысты заң жоқ еді, оған қол жеткіздік – жобасы дайындалу үстінде. Бүкіл дүние жүзінде медицина саласы жаңа технологиялармен толығып жатыр. Сондықтан осылардың бәрін реттеп отыратын құқықтық базалар кешіктірілмей, дер кезінде қабылданғаны жөн.

Нұрсұлтан Назарбаевтың Халыққа Жолдауының негізгі бағыттарының бірі – халықтың денсаулығын жақсартуға бағытталған. Оның ішінде ана мен бала денсаулығына айрықша көңіл бөлініп отыр. «Денсаулық саласын дамыту мен реформалаудың 2015-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында», дәлірек айтсақ, ана мен бала денсаулығын қорғауға бағытталған айрықша бір бөлігі бар. Бүгінгі күні елімізде кез келген бағдарламаны жүзеге асыруға барлық жағдай жасалған. Бұл жерде әңгіме қаржы мәселесі туралы. Мәселен, жоғарыда сөз болған бағдарламаға 165 млрд. теңге бөлінген. Бірақ ең басты мәселе – сол бөлінген қаржының орта жолда қолды болмай, әрбір тиынына дейін нақты мақсат үшін жұмсалыуында. Мейлі ол ауыл тұрғыны болсын, мейлі қалалық болсын, еліміздің әрбір азаматы тегін дәрігерлік көмекпен қамтамасыз етілуі тиіс.

Қазіргі таңда әлем дәрігерлері, ғалымдары «адам репродукциясы бизнеске айналып барады» деп дабыл қағуда. Адам репродукциясының бизнеске айналып бара жатқаны рас. Гинекологияда жасанды ұрықтандыру, құрсақ ана, тағы сол сияқты медицина жаңалықтары етек алып кетті. Рас, бір жыл бұрын жарық көрген «Азаматтардың репродуктивті құқығы және оның кепілдігін жүзеге асыру туралы» заңында осы айтылғандардың бәрі түбегейлі болмаса да қамтылған. Алайда тек бір заңмен оның бәрін бірдей реттеп, қадағалау қиындау. Былайша айтқанда, заңға көп нәрсе енгізілмей қалған. Мәселен, Италияда осы жуырда мынандай заң шықты: экстрокорпоральды ұрықтандырумен тек мемлекеттік мәртебедегі мекемелер ғана айналыса алады. Сондай-ақ жаңа заңға байланысты ерлі-зайыптылардан бар-жоғы үш эмбрион ғана алынады және ол эмбриондар сол сәтте пайдаланылып кетуі тиіс. Әйтпесе сақталып қалған эмбриондар басқа қажетке жұмсалып кетуі мүмкін. Яғни жұбайлардың рұқсатынсыз басқа біреулерге сатылып кетуі ғажап емес. Ал дәрігерлер оны ақша табудың құралына айналдырып алған. Қазір Қытай елі осыған байланысты заң қабылдап, бұдан былай заң бұзған дәрігерлер қылмыстық жауапкершілікке тартылатын болады. Ал біз БҰҰ-ның, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мүшесі болғандықтан, қол қойылған келісімшарттарға байланысты ғана баланың жынысын ажыратуға қарсы тыйым салып отырмыз.

Трафиканы заңдастыру құқықтық нормалармен шектелмейді. Қазақстандағы адам саудасы және адам ағзасын саудаға салу туралы алыпқашпа әңгіменің ел ішін кезіп жүргені ҚР Парламенті депутаттарының құлағына жетсе керек. ҚР Парламентінің Сенаты «Трафика

туралы» заң жобасын жетілдіру керек» деп, Мәжіліске кері қайтарыпты. Өйткені сенаторлардың пікірінше, трафика мәселесі бізде адамның дене мүшелерін сату деген ұғыммен ғана байланыстырылады да, қылмыс ретінде тіркелмеген көрінеді. Соған қарағанда, сенаторлар адам саудасы туралы заң жобасына элеуметтік сипат беру біздің елімізді Қазақстанда заңсыз адам саудасымен сабақтасып жататын трансплантация, таратып айтқанда, адам ағзаларын бөлшектеп сатқандарды жазалайтын заң жоқ. Ал ҚР Қылмыстық кодексінде ол бір бапта ғана көрсетілген. Бұрынғы сенатор Бексұлтан Тұтқышев баспасөз өкілдеріне берген сұхбатында «Трафика, адам саудасы – басы ашық, жұртқа белгілі мәселе, трансплантация біздің ел үшін «terra incognita»[6,2-б],- деп ойын тұспалдап жеткізіпті. Б.Тұтқышев мұнымен қоса, «трансплантация мәселесі туралы арнайы заң қабылдауға біздің республикада заңдық база жоқ» деген бір жақты пікір айтыпты. Ал бұрынғы депутат Амангелді Айталы заң жобасын Мәжіліс тартпасында жатқан кезде-ақ өзге елдердің қолданыста жүрген заңдарымен салыстыра қарап шыққанын айтады.

Біздің бақытымыздың оннан тоғызы денсаулығымызға байланысты дер болсақ, осы денсаулық мәселесі қазіргі таңда бұқаралық ақпарат құралдарында кеңірек қозғалып жүр. Олай болса мақаламыз денсаулық тақырыбына бекер арналып отырған жоқ. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, дене шынықтыру, яғни дене мәдениетін дамыту маңызды. Міне осы жағдайларға байланысты Қазақстан Республикасы Салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемаларының Ұлттық орталықтары түрлі бағдарламаларды жүзеге асырып жатыр.

Сондай-ақ бүгінде есірткінің, нашақорлықтың таралу мәселесі эпидемия сипатына ие болғаны ешкімге кұпия емес. Әрине денсаулық саласында проблемалар жетерлік. Тәуелсіз ел болғанымызға да міне 25 жылдан асып барады. Осы кезең ішінде халқымыз қайта түлеп, жаңа дәуірге қадам басты, көптеген игі өзгерістердің куәсі болды. Әрине бірталай қиыншылықтарды да бастан кешті. Осы аралықта Қазақстанның денсаулық саласындағы өзгерістер, жаңалықтардың баспасөз бетіндегі көрінісі мақаламыздың басты арқауы.

А.Шопенгауэр «Денсаулықтың өмірдің қалған барлық игілігінен артықтығы сол – дені мен кұрсағы сау жаралы ауру корольден анағұрлым бақытты. Біздің бақытымыздың оннан тоғызы денсаулығымызға байланысты»,- дейді. Қазір дүние жүзінде медицинаның ерен жетістігі жайында жиі айтылады. Сонымен бірге тез айығып кетуі ауыр соғатын созылмалы және емделуі қиынға түсетін сырқат түрлері көбейіп кеткен сияқты.

Адамзат ғасырлар тоғысында денсаулық сақтауда зор табыстарға қол жеткізді. Қазір Жер шарында адамдардың өмір сүру ұзақтығы орта есеппен алғанда 68 жас болып тұр, жекелеген дамыған елдердің көпшілігінде бұл деңгей едәуір көтеріліп, 80 жасқа қадам басты. Ал енді дүние жүзіндегі адамдардың 40 пайызы мекендейтін дамушы мемлекеттерде адамдардың өмір сүру деңгейі әлі де болса 60 жасқа жете қойған жоқ. Көрсеткіш әралуан, оның себебі де әрқилы. Енді мәселенің қойылуы да жаңа көзқарастар туғызуда. Өткен ғасырдың 50-ші жылдары индустриялық қоғамның қарыштап дамуы әлемге көп өзгерістер әкеліп, адамдардың мінез-құлқына тосын нәрселердің сіңісе бастауына қатты әсер етті. Модернизация мен урбанизацияның салдары бар және технологиялық жетістіктерге жіпсіз байлану секілді тұрмыс-тіршілікте адамдардың бір орнында бас алмай, ұзақ уақыт отырып жұмыс істеу дағдысы бой көтерді. Жасына қарамастан, кісілердің жүріп-тұруы сирексіді, тамақтану кестесі бұзылды, темекі шегу жаппай етек алып, адам жүйкесіне залалын тигізетін азық-түліктерді тұтыну және экологияның күрт нашарлауы салдарынан адамдардың жүрек-қан тамырлары, онкологиялық, тыныс жолдары органдарының демікпе сырқаттарына шалдығуы жиілей түскені еш жасырын емес. Әлемнің медик-ғалымдары мұндай ауру түрлерінің кең етек алуының түпкі себеп-салдарын әр елдің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінен деп зерттеу қорытындысын жасап отыр. Бұл, әрине, түпкі бір себебі болса, адамдар өз денсаулығын үнемі қадағалап отырса, өз тағдыры өз қолында екенін және аңғартады. Өркениетті елдер өз тәжірибесінде бұл бағыттың дұрыс екенін талай мәрте дәлелдеп келеді. Құрт ауруы секілді әртүрлі дертке ұрындыратын сырқат түрлерінің алдын алу, сақтандыру шараларын пәрменді ету мақсатты бағдарламаға арқау болса, сол қоғам

сөзсіз сауығады. – Мәселен, бұл санатқа қай мемлекеттерді жатқызуға болады? Оның Қазақстандағы шешімі қалай болып жатыр? – Қазір Финляндия, Швеция, Норвегия, АҚШ, Жапония сияқты мемлекеттерде адамдардың орташа өмір сүру жасы 80-ге жетті. Бұл - зор табыс. Әлем ғалымдары осы елдердің медицина саласындағы қол жеткізген тәжірибесіне сүйене келе, дүние жүзінде қоғамдық денсаулық сақтаудың басым бағыттарына таңдау жасап отыр. Атап айтқанда, индустриялық қоғамнан ақпаратты қоғамға өту кезеңінде адамдар өз денсаулықтары үшін жауапкершілікті өздеріне көбірек алады да, мемлекет адамдардың денсаулығы үшін қажетті әлеуметтік жағдайларды ғана жасайды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының «XXI ғасырда баршаның денсаулық жетістіктері саясатының негіздері» (1999 ж.) деп аталатын құжатында адам денсаулығын жақсарту стратегиясы салауатты өмір салтын қалыптастыру ісі және сырқаттың алдын алу бағдарламасы баға жеткісіз құндылықтар деп жазылған. Және осы қағидаттарға иек артуды ұсынады. Біздің елде бұл мәселе мемлекеттік тұрғыдан оң шешілуде.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Жұмашев У. Еліміздегі бала онкологиялық аурулары. // Денсаулық. - №7, 2009.
2. Каюпова Н. «Адамдар «денсаулығымнан аяймын ба?» деп дәрігерлерді пара алуға өздері итермелейді. // Денсаулық. 5 наурыз. 2010.
3. Уатқан Ж. Кацудзо Нишидің денсаулық жүйесі. // Денсаулық. - №7, 2009.
4. Гиппократтың «Аталы сөзі». // Денсаулық. - №9. 2011.
5. Сенеканың «Луцилийге өнегелі хаттары. // Денсаулық. - №2, 2012.
6. Асылбекұлы С. Трафика, адам саудасы – басы ашық, жұртқа белгілі мәселе. // Ана тілі. 7.12.06.2003.

УДК 655.512.3-053.4/6:028.5

### ИССЛЕДОВАНИЕ ЧТЕНИЯ ПЕРИОДИЧЕСКИХ ИЗДАНИЙ ДЕТЬМИ И ПОДРОСТКАМИ

**Ковалевская Наталья Ивановна**

*naivs@tut.by*

Соискатель, ассистент Белорусского государственного  
технологического университета, Минск, Беларусь  
Научный руководитель — Л. И. Петрова

Детское чтение сегодня — область, где уже существует и продолжает накапливаться множество проблем. В последние годы произошло ухудшение целого ряда характеристик чтения у детей и подростков, снижение их уровня грамотности. Утрачивается не только культура чтения, но и культура речи, поскольку не осваивается значительная часть любимой когда-то литературной классики, составляющей ранее значительную часть репертуара чтения детей и подростков. Меняются практически все характеристики детского чтения: статус чтения, его длительность (время чтения на досуге), характер и способ работы с печатным текстом, репертуар чтения детей и подростков, мотивы и стимулы чтения, предпочитаемые произведения, источники получения печатной продукции, информации в целом и многое другое. Сегодня белорусская детская печать стоит перед острой необходимостью понять, что же происходит в чтении подрастающего поколения [1].

Необходимы фундаментальные, междисциплинарные исследования процесса чтения, функциональной грамотности юных и взрослых читателей, изучение психологических, педагогических и иных аспектов читательской деятельности. Для того чтобы отразить реальные процессы и тенденции развития детского чтения в Республике Беларусь и дать возможность издателям сделать прогноз выпуска литературы для детей, был проведен мониторинг читательских предпочтений детей школьного возраста. В ходе исследования